

**Кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізуге арналған
электрондық шарт**

_____ (қала құрылысы жобасының атауын көрсету)

_____ қ. 202__ жылғы «__» _____

Бұдан әрі «**Тапсырыс беруші**» деп аталатын
_____ атынан

(Тапсырыс берушінің толық атауы)

_____ негізінде әрекет ететін _____ бір тараптан және
бұдан әрі «**Орындаушы**» деп аталатын _____

атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ өзге
тараптан және бұдан әрі «**Төлеуші**» деп аталатын

_____ атынан _____ негізінде әрекет ететін

(үшінші тарап (жер учаскесінің меншік иесі, құрылыс салушы, инвестор) болған кезде
төлеушінің толық атауы)

_____ үшінші тараптан, бірлесіп «**Тараптар**» деп аталып,

_____,
(қала құрылысы жобасының кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізуге арналған
өтінімді және ҚР заңнамасына сәйкес жұмыстарды сатып алудың өзге де негіздерін
көрсету)

негізінде осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасып, төмендегі туралы келісімге
келді:

1. Шартта қолданылатын ұғымдар

1.1. Осы Шартта төменде аталған ұғымдар келесі анықтамаға ие:

1) «**Портал**» – кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу үшін барлық
деңгейдегі қала құрылысы жобаларын ұсынуға арналған бірыңғай портал;

2) «**Жеке кабинет**» – барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына
кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу үшін, сондай-ақ Тараптардың
Шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін өтінімдерді автоматтандырылған
беруге арналған Порталдың негізгі модулі.

2. Шарт мәні

2.1. _____ Тапсырыс _____ беруші

_____ (қала құрылысы жобасының түрі мен атауын көрсету)

(бұдан әрі – Құжаттама) бойынша кешенді қала құрылысы сараптамасын (бұдан әрі – сараптама жұмыстары) жүргізуді тапсырады, ал Орындаушы өзіне қабылдайды.

2.2. Сараптама жұмыстарын орындау орнын (Шартты орындау орнын) Орындаушы «Мемсараптама» РМК-нің бұйрығына сәйкес белгілейді

2.3. Төменде аталған құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырымас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1) техникалық ерекшелік (1-қосымша);
- 2) сараптама жұмыстары құнының есебі (2-қосымша);

2.4. Шарт бойынша сараптама жұмыстары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 706 бұйрығымен (бұдан әрі – 706-қағидалар) бекітілген Барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Шарт бағасы және төлеу тәртібі

3.1. Құжаттама бойынша сараптама жұмыстары үшін Тапсырыс беруші Орындаушыға _____ теңге, оның ішінде ҚҚС _____% (бұдан әрі – Шарт бағасы) төлеуге міндеттенеді.

Шарт бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 780 бұйрығымен бекітілген Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларына сәйкес белгіленген.

Тапсырыс беруші, Орындаушы және Төлеуші арасында жасалатын шарттар үшін 3.1-тармақтың редакциясы:

3.1. Құжаттама бойынша сараптама жұмыстары үшін Төлеуші Орындаушыға _____ теңге, оның ішінде ҚҚС _____% (бұдан әрі – Шарт бағасы) төлеуге міндеттенеді.

Шарт бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 780 бұйрығымен бекітілген Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларына сәйкес белгіленген.

3.2. Тапсырыс беруші Тараптардың уәкілетті өкілдері Шартқа қол қойған және Орындаушы төлеуге шот қойған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Орындаушының есеп шотына ақша қаражатын аудару жолымен Шарт бағасының 100% (жүз пайызы) мөлшерінде алдын ала төлем жүргізуге міндетті.

Төлем тапсырмасын ресімдеу кезінде төлемді тағайындауда қойылған шоттың нөмірі және Шарттың нөмірі міндетті түрде көрсетіледі.

Тапсырыс беруші, Орындаушы және Төлеуші арасында жасалатын шарттар үшін 3.2-тармақтың редакциясы:

3.2. Төлеуші Тараптардың уәкілетті өкілдері Шартқа қол қойған және Орындаушы төлеуге шот қойған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Орындаушының есеп шотына ақша қаражатын аудару жолымен Шарт бағасының 100% (жүз пайызы) мөлшерінде алдын ала төлем жүргізуге міндетті.

Төлем тапсырмасын ресімдеу кезінде төлемді тағайындауда қойылған шоттың нөмірі және Шарттың нөмірі міндетті түрде көрсетіледі.

Қолданылу мерзімі бір қаржы жылына жасалатын, қазынашылық органдарында тіркелуге жататын шарттар үшін 3.2-тармақтың редакциясы:

3.2. Аумақтық қазынашылық органында Шарт бюджеттік бағдарлама бойынша тіркелуге жатады:

кіші бағдарлама бойынша:

ерекшелік бойынша:

Тапсырыс беруші Орындаушының есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару жолымен Шарт бағасын мынадай тәртіппен төлеуді жүргізуге міндетті:

1) аумақтық қазынашылық органында Шарт тіркелген және Орындаушы төлеуге шот берген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде, бірақ аумақтық қазынашылық органы ағымдағы қаржы жылында қаржыландыру мерзімі аяқталғанға дейін _____ жұмыс күнінен* кешіктірмей Шарт бағасының 30% (отыз пайызы) мөлшерінде аванстық төлем;

* 706-қағидалардың 22-тармағына сәйкес белгіленген сараптама жұмыстарын жүргізу мерзіміне тең мерзім көрсетіледі.

2) қалған соманы Тапсырыс беруші Тараптар орындалған жұмыстар актісіне қол қойған және Орындаушы орындалған жұмыстарды сипаттап, жалпы сомасын көрсете отырып, Тапсырыс берушіге шот-фактураны жазып берген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жұмыстарды толық көлемде орындау фактісі бойынша төлейді.

Төлем тапсырмасын ресімдеу кезінде төлемді тағайындауда қойылған шоттың нөмірі және Шарттың нөмірі міндетті түрде көрсетіледі.

Қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асатын, аумақтық қазынашылық органдарында тіркелуге жататын шарттар үшін 3.2-тармақтың редакциясы:

3.2. Аумақтық қазынашылық органында Шарт бюджеттік бағдарлама бойынша тіркелуге жатады:

кіші бағдарлама бойынша:

ерекшелік бойынша:

Тапсырыс беруші Орындаушының есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару жолымен Шарт бағасын мынадай тәртіппен төлеуді жүргізуге міндетті:

1) 202__ жылы - _____ (____) теңге, оның ішінде аумақтық қазынашылық органында Шарт тіркелген және Орындаушы төлемге шот берген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде 30% (отыз пайыз)

мөлшерінде аванстық төлем. Қалған соманы Тапсырыс беруші Тараптар орындалған жұмыстар актісіне қол қойған және Орындаушы орындалған жұмыстарды сипаттап, жалпы сомасын көрсете отырып, Тапсырыс берушіге шот-фактураны жазып берген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төлейді;

2) 202__ жылы - _____(____) теңгені Тапсырыс беруші Тараптардың орындалған жұмыстар актісіне қол қойған және Орындаушы орындалған жұмыстарды сипаттап, жалпы сомасын көрсете отырып, Тапсырыс берушіге шот-фактураны жазып берген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жұмыстарды толық көлемде орындау фактісі бойынша төлейді.

Төлем тапсырмасын ресімдеу кезінде төлемді тағайындауда қойылған шоттың нөмірі және Шарттың нөмірі міндетті түрде көрсетіледі.

Қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асатын, олармен жасалатын шарттар аумақтық қазынашылық органдарында тіркелуге жатпайтын, мемлекеттік сатып алу субъектілерімен жасалатын шарттар үшін 3.2-тармақтың редакциясы:

3.2. Тапсырыс беруші Орындаушының есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару жолымен Шарт бағасын мынадай тәртіппен төлеуді жүргізуге міндетті:

1) 20__ жылы Тараптардың уәкілетті өкілдері Шартқа қол қойған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасының 30% (отыз пайызы) мөлшерінде аванстық төлем. Ағымдағы қаржы жылында жұмыстарды орындау фактісі бойынша Тараптар орындалған жұмыстар актісіне қол қояды және Орындаушы орындалған жұмыстарды сипаттап, жалпы сомасын көрсете отырып, Тапсырыс берушіге шот-фактураны жазып береді;

2) 20__ жылы Тараптар орындалған жұмыстар актісіне қол қойған және Орындаушы орындалған жұмыстарды сипаттап, жалпы сомасын көрсете отырып, Тапсырыс берушіге шот-фактураны жазып берген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жұмыстарды толық көлемде орындау фактісі бойынша Шарттың жалпы сомасының 70% (жетпіс пайызы).

Төлем тапсырмасын ресімдеу кезінде төлемді тағайындауда қойылған шоттың нөмірі және Шарттың нөмірі міндетті түрде көрсетіледі.

3.3. Егер алдын ала төлем (аванстық төлем) осы Шарттың 3.2-тармағында белгіленген мөлшерде және мерзімде Орындаушының есеп шотына аударылмаса, Шарт күшіне енбеген болып есептеледі.

Қазынашылық органдарында тіркелуге жататын шарттар үшін 3.3-тармақтың редакциясы:

3.3. Егер Шарт аумақтық қазынашылық органында тіркелмесе, Шарт күшіне енбеген болып есептеледі.

3.4. Шарт бағасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

3.5. Орындаушының сараптама жұмыстарын бастау күні Тапсырыс берушінің авансты (алдын ала төлемді) төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындаған күнінен кейінгі күн болып табылады.

Тапсырыс беруші, Орындаушы және Төлеуші арасында жасалатын шарттар үшін 3.5-тармақтың редакциясы:

3.5. Орындаушының сараптама жұмыстарын бастау күні Төлеушінің аванс (алдын ала төлем) төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындаған күнінен кейінгі күн болып табылады.

4. Тараптардың міндеттері мен құқықтары

4.1. Тапсырыс берушінің міндеттері:

1) Құжаттама бойынша сарапшылардың уәжделген ескертулерін ескертулер берілен күннен бастап _____ (____) жұмыс күнінен* аспайтын мерзімде жою;

** Мерзімі 706-қағидалардың 23-тармағына сәйкес белгіленеді.*

2) Орындаушының сұрауы бойынша Құжаттама бойынша қажетті материалдар мен ақпаратты ол белгілеген мерзімде ұсыну;

3) Жеке кабинет арқылы Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарының барысына тұрақты (күнделікті) мониторингті қамтамасыз ету;

4) осы Шарттың 6-тарауында белгіленген тәртіппен және мерзімде сараптама қорытындысының тұжырымдарына қарамастан сараптама жұмыстарының нәтижелерін қабылдау;

5) Құжаттама бойынша сараптама жұмыстары мерзімінен бұрын аяқталған жағдайда сараптама жұмыстарының нәтижелерін Шарт талаптарына сәйкес қабылдау. Сараптама жұмыстарының нәтижелерін мерзімінен бұрын қабылдаудан бас тартуға оны қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайларда жол беріледі;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және Шарт талаптарынан туындайтын өзге де міндеттемелерді орындау.

4.2. Тапсырыс берушінің құқықтары:

1) Орындаушыдан осы Шартқа сәйкес міндеттемелердің адал және тиісінше орындалуын талап ету;

2) Орындалған сараптама жұмысындағы кемшіліктерді жою бойынша Орындаушыға талаптар қою;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де әрекеттерді жасау.

4.3. Орындаушының міндеттері:

1) 706-қағидаларда белгіленген тәртіппен сараптама жұмыстарын жүргізу;

2) Құжаттама бойынша сарапшылардың уәжделген ескертулерін сараптама жұмыстары басталған күннен бастап _____ (____) жұмыс күнінен* кешіктірілмейтін мерзімде беру;

** Мерзімі 706-қағидалардың 23-тармағына сәйкес белгіленеді.*

3) сараптама жұмыстары басталған күннен бастап _____ (____) жұмыс күнінен* аспайтын мерзімде Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын жүргізу және сараптама қорытындысын беру;

** Мерзімі 706-қағидалардың 22-тармағына сәйкес белгіленеді.*

4) қарастырылып отырған Құжаттама бойынша құпиялылықты сақтау және коммерциялық құпияны қамтамасыз ету;

6) Тапсырыс берушіге осы Шарттың 6-тарауында белгіленген тәртіппен және мерзімде қарап, қабылдау үшін сараптама нәтижелерін ұсыну;

7) сараптама жұмыстарының нәтижелері бойынша:

қаралған Құжаттаманы және оның негізгі ережелерін бекітуге ұсыныммен оң сараптама қорытындысын;

немесе Құжаттаманың бастапқы құжаттарда (материалдарда, деректерде) және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерде белгіленген талаптарға, шарттарға немесе шектеулерге сәйкессіздігі анықталған кезде немесе сарапшылардың уәждеделген ескертулері Шартта белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда теріс сараптама қорытындысын беру;

8) Құжаттама бойынша сараптама жұмыстары жүргізілгеннен кейін, оң сараптама қорытындысы берілген жағдайда, Құжаттаманы Құжаттаманың тиісті бөлімдеріне немесе бөліктеріне жауапты сарапшылардың электрондық-цифрлық қолтаңбасымен куәландыру;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және Шарт талаптарынан туындайтын өзге де міндеттемелерді орындау.

4.4. Орындаушының құқықтары:

1) Тапсырыс берушіден және Құжаттаманы әзірлеушіден қажетті материалдар мен ақпаратты сұрату және алу;

2) Тапсырыс беруші сараптама қорытындысының тұжырымдарында айтылған шарттарды (талаптарды) орындамаған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта белгіленген өзге де жағдайларда бұрын берілген оң қорытындыларды кері қайтарып алу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де әрекеттерді жасау.

4.5-тармақ Тапсырыс беруші, Орындаушы және Төлеуші арасында жасалатын шарттар үшін толықтырылады:

4.5. Төлеушінің міндеттері:

1) Шарт талаптарына сәйкес алдын ала төлем жасау;

2) сараптама жұмыстарының нәтижелерін оның тұжырымдарына қарамастан, осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде қабылдау;

3) Құжаттама бойынша сараптама жұмыстары мерзімінен бұрын аяқталған жағдайда, Шарт талаптарына сәйкес сараптама жұмыстарының нәтижелерін қабылдау. Сараптама жұмыстарының нәтижелерін мерзімінен бұрын қабылдаудан бас тартуға оны қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайларда жол беріледі.

4) осы Шарттан туындайтын өзге де міндеттемелерді орындау.

5. Кепілдіктер

5.1. Тапсырыс беруші Құжаттаманы әзірлеу үшін негіз болып табылатын бастапқы құжаттарда қамтылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік береді.

Тапсырыс беруші жоғарыда көрсетілген кепілдік бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес толық жауапты болады.

6. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

6.1. Орындаушының сараптама қорытындысына тіркеу нөмірін беру күні Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарының аяқталу күні болып табылады.

6.2. Осы Шарт бойынша сараптама нәтижелерін қарау және қабылдау Тапсырыс берушінің сараптама жұмыстарының қабылданғанын куәландыратын сараптама қорытындысының тіркеу нөмірі мен күнін көрсете отырып хабарлама алуы болып табылады. Хабарламаны Орындаушы Тапсырыс берушінің Жеке кабинетінде орналастырады.

Хабарламада орындалған сараптама жұмыстарындағы кемшіліктерді жою бойынша кейіннен талаптар қою мүмкіндігі міндетті түрде көрсетіледі.

6.3. Орындаушы Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын аяқталғаннан кейін Портал арқылы орындалған жұмыстардың электрондық актісін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық шот-фактураны ресімдейді.

6.4. Тапсырыс беруші Құжаттама бойынша сараптама жұмыстары аяқталған және Орындаушы Тапсырыс берушінің Жеке кабинетінде Шарттың 6.2-тармағында көрсетілген хабарламаны орналастырған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Портал арқылы орындалған жұмыстардың электрондық актісіне қол қоюға міндетті. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісіне қол қоймаған жағдайда, көрсетілген 5 күн мерзім өткеннен кейін орындалған жұмыстар актісін Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі.

Мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілерімен жасалатын шарттар үшін 6.3. және 6.4-тармақтардың редакциясы:

6.3. Орындаушы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімде электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген орындалған жұмыстардың электрондық актісін ресімдейді және мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы Тапсырыс берушіге жібереді.

6.4. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстардың электрондық актісін бекіткеннен кейін Орындаушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық шот-фактураны жазып береді.

Тапсырыс беруші, Орындаушы және Төлеуші арасында жасалатын шарттар үшін 6.3. және 6.4-тармақтардың редакциясы:

6.3. Орындаушы Құжаттама бойынша сараптама жұмыстары аяқталғаннан кейін Портал арқылы орындалған жұмыстардың электрондық актісін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына

сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық шот-фактураны ресімдейді.

6.4. Тапсырыс беруші мен Төлеуші Құжаттама бойынша сараптама жұмыстары аяқталған және Орындаушы Тапсырыс берушінің Жеке кабинетінде Шарттың 6.2-тармағында көрсетілген хабарламаны орналастырған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Портал арқылы орындалған жұмыстардың электрондық актісіне қол қоюға міндетті. Тапсырыс беруші және (немесе) Төлеуші орындалған жұмыстар актісіне қол қоймаған жағдайда, көрсетілген 5 күн мерзім өткеннен кейін орындалған жұмыстар актісін Тапсырыс беруші мен Төлеуші қабылдаған болып есептеледі.

6.5 Сараптама жұмыстарының мерзімі келесі қаржы жылында аяқталатын шарттар бойынша Тараптар ағымдағы қаржы жылында орындалған жұмыстардың аралық электрондық актісіне қол қояды.

6.6. Сараптама қорытындысын беру Тараптар орындалған жұмыстар актісіне қол қойғаннан кейін Портал арқылы жүзеге асырылады.

6.7-тармақ Тапсырыс беруші, Орындаушы және Төлеуші арасында жасалатын шарттар үшін толықтырылады:

6.7. Тараптар Орындаушы шот-фактураны жазып беретін осы Шарт бойынша сараптама қорытындысын алушы Төлеуші болып табылатыны туралы келісімге келді.

7. Шартты бұзу

7.1. Қала құрылысы сараптамасын жүргізу барысында Орындаушының сараптама қорытындысын одан әрі ресімдеу және беру, сондай-ақ Тапсырыс берушінің алу қажеттілігі болмай қалған мән-жайлар туындаған жағдайларда, Тапсырыс беруші Орындаушыға Тапсырыс берушінің мұндай шешімінің негізділігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сараптама жұмыстарын тоқтату қажеттілігі туралы ресми өтініш жібереді.

7.2. Тапсырыс беруші:

жобалау тапсырмасында;

бастапқы құжаттарда (материалдар, деректер);

қаланы дамыту тұжырымдамасының немесе елді мекендердің әкімшілік-аумақтық бағыныстылығының не қала құрылысын реттеу аумағының шекараларының өзгеруіне байланысты, жергілікті атқарушы органның қала құрылысы регламенттерінің шарттары мен талаптарында негізделген өзгерістер болған;

негіздеуші құжаттарды қоса бере отырып, Тапсырыс беруші Құжаттамадан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайларда (жеке не жиынтығында) Орындаушыға сараптама жұмыстарын тоқтату қажеттілігі туралы ресми өтініш жібереді.

7.3. Тапсырыс берушінің растайтын құжаттары қоса берілген сараптаманы тоқтату қажеттілігі туралы өтініші тіркелгеннен кейін Орындаушы сараптама жұмыстарын тоқтатады және Тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен шартты бұзуды ресімдейді. Бұл ретте

Орындаушы орындалған жұмыстардың актісін жасайды және Тапсырыс беруші Шартты бұзған кезде толық көлемде төлеуге міндетті олардың құнын айқындайды.

Тапсырыс беруші, Орындаушы және Төлеуші арасында жасалатын шарттар үшін 7.3-тармақтың редакциясы:

7.3. Тапсырыс берушінің растайтын құжаттары қоса берілген сараптаманы тоқтату қажеттілігі туралы өтініші тіркелгеннен кейін Орындаушы сараптама жұмыстарын тоқтатады және Тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен Шартты бұзуды ресімдейді. Бұл ретте Орындаушы орындалған жұмыстардың актісін жасайды және Төлеуші Шартты бұзған кезде толық көлемде төлеуге міндетті олардың құнын айқындайды.

7.4. Тапсырыс берушінің растайтын құжаттары қоса беріле отырып, сараптама жұмыстарын тоқтату қажеттілігі туралы ресми өтініші сарапшылардың ескертулерге берілген жауаптарды қарауы және Құжаттаманың тиісті бөлімдерінің қорытынды бағасы үшін белгіленген мерзімдерде ұсынылған жағдайда, Шарт жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша бұзылуға жатпайды және Орындаушы шарттық міндеттемелерді орындауды аяқтайды.

7.5. Орындаушы сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарының және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың актілерін, сондай-ақ Құжаттаманың бастапқы құжаттарының дұрыс еместігін, олардың өзгертілгенін немесе жойылғанын растайтын сот шешімдерін алған кезде Орындаушы мұндай шешімді негіздей отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзады.

7.6. Шарттың 7.5-тармағында көрсетілген жағдайларда, Орындаушы тиісті құжаттарды ресми алған күннен бастап Шарт бойынша сараптама жұмыстарын тоқтатады, сараптама жұмыстары тоқтаған кезде орындалған жұмыстардың актісін жасайды және растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Тапсырыс берушіге Шартты біржақты тәртіппен бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Орындаушы Шартты бұзу туралы хабарлама жіберген күннен бастап Шарт бұзылған болып есептеледі.

Тапсырыс беруші Шартты бұзу туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Портал арқылы орындалған жұмыстар актісіне қол қоюға міндетті.

Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісіне қол қоймаған жағдайда, көрсетілген 5 күн мерзім өткеннен кейін орындалған жұмыстар актісін Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі.

Қазынашылық органдарында тіркелуге жататын шарттар үшін 7.6-тармақтың редакциясы:

7.6. Шарттың 7.5-тармағында көрсетілген жағдайларда Орындаушы тиісті құжаттарды ресми алған күннен бастап Шарт бойынша сараптама жұмыстарын тоқтатады, сараптама жұмыстары тоқтаған кезде орындалған жұмыстардың актісін жасайды және Тапсырыс берушіге растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Орындаушы Шартты бұзу туралы хабарлама жіберген күннен бастап Шарт бұзылған болып есептеледі.

Тапсырыс беруші Шартты бұзу туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы орындалған жұмыстардың актісіне қол қоюға және Шарт бойынша бұрын төленген ақша қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда Орындаушы орындаған жұмыстардың толық құнына Шарт бұзылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ақы төлеуге міндетті.

Тапсырыс беруші көрсетілген 5 күн мерзім өткеннен кейін орындалған жұмыстар актісіне қол қоймаған жағдайда орындалған жұмыстар актісін Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі.

Тапсырыс беруші, Орындаушы және Төлеуші арасында жасалатын шарттар үшін 7.6-тармақтың редакциясы:

7.6. Шарттың 7.5-тармағында көрсетілген жағдайларда Орындаушы тиісті құжаттарды ресми алған күннен бастап Шарт бойынша сараптама жұмыстарын тоқтатады, сараптама жұмыстары тоқтаған кезде орындалған жұмыстардың актісін жасайды және Тапсырыс беруші мен Төлеушіге растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Орындаушы Шартты бұзу туралы хабарлама жіберген күннен бастап Шарт бұзылған болып есептеледі.

Тапсырыс беруші мен Төлеуші Шартты бұзу туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Портал арқылы орындалған жұмыстар актісіне қол қоюға міндетті.

Тапсырыс беруші және (немесе) Төлеуші көрсетілген 5 күн мерзім өткеннен кейін орындалған жұмыстар актісіне қол қоймаған жағдайда, орындалған жұмыстар актісін Тапсырыс беруші мен Төлеуші қабылдаған болып есептеледі.

7.7. Осы Шарттың 7.5-тармағында көрсетілген, Құжаттаманы әзірлеу немесе сараптама жұмыстарын жүргізу кезеңінде орын алған фактілерді ұсынған кезде Орындаушы Құжаттама бойынша бұрын берілген оң сараптама қорытындысын кері қайтарып алады.

7.8. Осы Шартта белгіленген мерзімдерде Құжаттама бойынша сарапшылардың ескертулерін жоймау Құжаттаманы одан әрі қараусыз теріс сараптама қорытындысын беру үшін негіз болып табылады.

7.9-тармақ Тапсырыс беруші, Орындаушы және Төлеуші арасында жасалған шарттар үшін толықтырылады:

7.9. Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттың 7.1-тармағында көрсетілген жағдайларда сараптаманы тоқтату қажеттілігі туралы ресми өтініш жіберген кезде Төлеушінің Шартты бұзуды талап етуге, сондай-ақ Шартты бұзудан бас тартуға құқығы жоқ.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Орындаушы Орындаушының кінәсінен жіберілген Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарының мерзімдерін бұзғаны үшін Тапсырыс беруші міндеттеме толық орындалған сәтке дейін кешіктірілген әрбір күн үшін орындалмаған не тиісінше орындалмаған міндеттеме сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарт бағасының 10%-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) өндіріп алуға құқылы.

8.2. Тапсырыс беруші орындалған сараптама жұмыстары үшін түпкілікті ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді бұзғаны үшін, Орындаушы міндеттеме толық орындалған сәтке дейін кешіктірілген әрбір күн үшін орындалмаған не тиісінше орындалмаған міндеттеме сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарт бағасының 10%-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) өндіріп алуға құқылы.

8.3. Тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.4. Тапсырыс берушінің Жеке кабинеті арқылы сараптама жұмыстарының барысын тұрақты (күнделікті) мониторингілеу жөніндегі міндеттемелерді орындамауы, сол сияқты уақтылы орындамауы оны Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

9. Форс-мажор

9.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау еңсерілмейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезінде төтенше және алдын алуға болмайтын жағдайлар – дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар салдарынан, техникалық себептер бойынша Портал мен электрондық ақпараттық жүйе қолжетімсіз болған және т.б. жағдайда (форс-мажор) мүмкін болмаған кезде жауапкершіліктен босатылады.

Бұл ретте форс-мажорлық мән-жайларға сілтеме жасайтын Тарап Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау форс-мажорлық мән-жайлардың салдарынан мүмкін болмағанын және ол Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау үшін өзіне байланысты барлық шараларды қабылдағанын дәлелдеуге тиіс.

9.2. Егер Тапсырыс берушінің немесе Орындаушының бақылауында болмайтын форс-мажорлық оқиға Шарттың орындалуын бұзса, Тараптар Шарттың тоқтатылуын жазбаша түрде куәландырады.

9.3. Шарттың 9.1-тармағында көрсетілген мән-жайлар 1 (бір) айдан астам уақытқа созылатын болса, Тараптар Шарттың орындалуын тоқтатады және Шарт бұзылуға жатады. Бұл ретте Орындаушыға Шарт бойынша нақты орындалған жұмыстардың құны төленеді.

10. Дауларды шешу тәртібі

10.1. Тараптар тікелей келіссөздер процесінде олардың арасында Шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге барынша күш салуы тиіс.

10.2. Егер осындай келіссөздерден кейін Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені Орындаушының орналасқан жері бойынша сотқа жүгіне алады.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

11.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес ісінде ынтымақтастық жасауға жауапкершілік алады

11.2. Осы Шарттың 11.1-тармағын орындау мақсатында, Тараптар:

1) сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарды, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы алуға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасамауға;

2) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес, олардың өкілеттіктері мен міндеттерінен туындайтын шараларды қабылдауға және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары анықталған барлық жағдайлар туралы мәліметтерді дереу хабарлауға міндеттеме қабылдайды.

12. Қорытынды ережелер

12.1. Шарт бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

12.2. Шарт оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және Орындаушының есеп айырысу шотына Шартта белгіленген мөлшерде және мерзімде алдын ала төлем енгізілген күннен бастап күшіне енеді.

Шарт Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

Қазынашылық органында тіркелуге жататын шарттар үшін 12.2-тармақтың редакциясы:

12.2. Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркегеннен кейін күшіне енеді.

Шарт _____ жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

(ағымдағы қаржы жылын көрсету/қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асатын шарттар үшін келесі қаржы жылын көрсету)

12.3. Тараптар бір-біріне Шартты өзгертуге немесе бұзуға байланысты жіберетін хабарламалар осы Шарттың 13-тарауында көрсетілген Тараптардың электрондық мекенжайлары және (немесе) олардың орналасқан мекенжайлары бойынша жіберілуі тиіс.

Егер хабарлама осы Шарттың 13-тарауында көрсетілген Тараптардың электрондық мекенжайына және (немесе) орналасқан жерінің мекенжайына жіберілсе, хабарламаны адресат алған болып есептеледі.

12.4. Осы Шарттың 13-тарауында көрсетілген қандай да бір Тараптың электрондық пошта мекенжайы немесе орналасқан жерінің мекенжайы, сондай-ақ банктік және өзге де деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап осындай

өзгерістер болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге және Келісімге тиісті өзгерістер енгізуге міндетті. Болмаған жағдайда, Тарап кейіннен осы Шартқа сәйкес жіберілген тиісті хабарды немесе хабарламаны алмағанына сілтеме жасау құқығынан айырылады және Тараптардың ескі мекенжайлар, банктік деректемелер бойынша міндеттемелерді орындауы тиісті және тиісінше деп есептеледі.

12.5. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасалатындай нысанда жасалады.

12.6. Шартта реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13. Тараптардың заңды мекенжайлары мен банктік деректемелері

Тапсырыс беруші

Орындаушы:

Төлеуші: *(үшінші тарап болған кезде)*


Техникалық ерекшелік

№	Атауы (қысқаша сипаттамасы)	Өлше м бірлігі	Саны	ҚҚС есепке алғанда бірлік үшін бағасы, теңге	ҚҚС есепке алғанда жалпы сомасы, теңге
1	Қала құрылысы жобасының кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу бойынша сараптама жұмыстары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы №706 бұйрығымен бекітілген Барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу қағидаларына сәйкес кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу	жұмыс	1		
Барлығы					


Тапсырыс беруші:

Орындаушы:

Кажкенов К.Ж.
Генеральный директор



Бегалина Н.Ж.
Ведущий специалист



Идрисова З.М.
Начальник управления

